

**Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп бойынша қамқоршылық кеңесінің
№1 ОТЫРЫСЫ**

27.01.2021

Қатынасқандар:

1. А.Меңдігереева-мектеп директоры;
2. А.Жангельдина- директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
3. Сынып жетекшілер-47;
4. Н.Рахметқалиева-әлеуметтік педагог;
5. Кеңес мүшелеріне үміткерлер-9;

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңес құрамын және төрағасын сайлау;
- 2.Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу;
- 3.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру,бекітуге ұсыну

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Н.Рахметқалиева сөз алды."Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығымен таныстырылып, бұйрықтың тарауларына тоқталды.(қамқоршылық кеңестің құрамы,өкілеттігі,кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі)

Жергілікті өкілдік,атқарушы және құқық қорғау органдарының,жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері,коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы қамқоршылық кеңестің құрамына кіре алатындығы айтылып,кеңес құрамын жаңадан сайлауға ұсыныс берілді.

Сөйлеушілер:

А.Жангельдина-директордың тәрбие жөніндегі орынбасары:

Мектептегі қамқоршылық кеңестің өкілеттігіне тоқталып,толықтай түсінік берілді.Мектептегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, жалпыға бірдей міндетті білім қорынан берілетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына,бөлуге қатынаса алатындығына және оның мақсатты жұмсалуы, туралы шешім қабылдайтындығы айтылды.Қамқоршылық кеңес төрағасына Индер аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Ш.Сариеваны,қамқоршылық кеңес мүшелеріне Индер АПБ-нің ЖПҚБ-нің ЮПТ УПИ-ры полиция аға лейтенанты Қ.Бекназаровты, «Жолбарыс» спорттық клуб қоғамдық бірлестігі үкіметтік емес ұйым төрағасы С.Краубаевты,Индер кенті әкімі аппараты ММ бас маманы Э.Уразбаеваны,көп балалы ата-ана А.Гумарованы,ТОО Индер Гипс оператор Н.Турекешовты,жеке кәсіпкерлер А.Куанышқалиеваны,

Н.Тоғанасованы, А.Сахишеваны қамқоршылық кеңес құрамына ұсыныс білдірді.

О.Тоғанасова-2 б қазақ сыныбының сынып жетекшісі:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен таныса отырып, қамқоршылық кеңес құрамына мүше болуға үміткерлер сыныбымның ата-аналары жеке кәсіпкер «Сахишева» А.Сахишеваны және мектебіміздің белсенді, көп балалы ата-анасы А.Гумарованы қамқоршылық кеңес құрамына сайлауын қолдаймын.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, **Қаулы** етеді:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы Ш.Сариева және қамқоршылық кеңес мүшелері болып Қ.Бекназаров., Э.Уразбаева., А.Куанышкалиева., А.Гумарова., Н.Турекешов., А.Сахишева., Н.Тоғанасова. С.Краубаев, тағайындалсын.

2. Мектептегі қамқоршылық кеңесінің хатшылығы мен қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамаларының рәсімделуін мектептің әлеуметтік педагогы Н.Рахметқалиеваға тапсырылсын.

3. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: *Ш.Сариева* Ш.Сариева
Мүшелері: *С.Краубаев* С.Краубаев
Қ.Бекназаров Қ.Бекназаров

Э.Уразбаева Э.Уразбаева
А.Гумарова А.Гумарова
А.Сахишева А.Сахишева
А.Куанышкалиева А.Куанышкалиева
Н.Тоғанасова Н.Тоғанасова
Н.Турекешов Н.Турекешов

Хатшы: *Н.Рахметқалиева* Н.Рахметқалиева